



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 22 қараша

### 2017 жылғы 10 ай ішінде Қазақстанда инфляция 5,4%-ды құрады

«ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша жинақталған инфляция 10 айда 5,4% болды, бұл өткен жылдың деңгейінен (6,2%) төмен. Бұл жайлы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев дәстүрлі баспасөз конференциясы кезінде журналистерді хабардар етті.

«Қазақстандағы инфляциялық процестер біздің болжамға сәйкес қалыптасуда. Қазанда бензинге, дизель отынына және көмірге, сондай-ақ азық-түліктің жекелеген түрлеріне бағаның ұлғаюы байқалды», - деді Д. Ақышев..

«Нәтижесінде жылдық инфляция қазанда 7,7%-ға дейін өсті. Ағымдағы жылы біз инфляцияның 6-8% нысаналы дәліз шегінде сақталуын, ал келесі жылы оның 5-7% нысаналы аралығына кіруін күтеміз», - деді Д. Ақышев.

2017 жылғы қазанда халыққа сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша бір жыл бұрынғы инфляциялық күтулерді сандық бағалау 6,9%-ды құрады.

### 10 ай ішінде АВР 7,8%-ға өсті

2017 жылғы он айда Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері алдын ала деректер бойынша 31,8 млрд. АҚШ долларына дейін 7,8%-ға өсті. Мұндай деректерді баспасөз конференциясы кезінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

«Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтері 56,2 млрд. АҚШ доллары, ал жалпы халықаралық резервтер 88,1 млрд. АҚШ доллары немесе ІЖӨ-ге 58% болды» - деді Ұлттық Банк басшысы.

### Ұлттық Банк 27 қарашада базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешімді хабарлайтын болады – Данияр Ақышев

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Ұлттық Банктің 27 қарашада базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешімді хабарлайтындығы жөнінде айтып берді. Ол 9 қазанда базалық мөлшерлеме 10,25% деңгейде сақталғандығын еске салды.

Ақша нарығында артық теңгелік өтімділік сақталып отырғандығы туралы айта отырып, «қазан-қарашада Ұлттық Банк үшін нарықтағы мөлшермелердің нысаналы мәні болып табылатын TONIA индикаторы базалық мөлшерлеменің пайыздық дәлізінде қалыптасты», - деп түсіндірді Д. Ақышев. Нарыққа қатысушылар үшін Ұлттық Банкте

артық өтімділікті орналастыру бойынша операциялардың тартымдылығы соңғы бір жарым жыл ішінде 50%-ға төмендегеніне қарамастан, оларды нарық тарапынан белсенді пайдалану жалғасуда.

«Бір жағынан, бұл ақша нарығының дамуына мүмкіндік береді, екінші жағынан, басқа құралдардың, оның ішінде кредит нарығындағы төмен әлеуетті білдіреді. Қазанның соңында өтімділікті алу бойынша операциялардың нетто-сальдосы 1,8 трлн. теңге болды», - деді Д.Ақышев.

Ол Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары өтімділікті реттеудің негізгі құралы болып қалуда деп атап өтті. Қазанның соңында айналыстағы ноттардың көлемі 2,8 трлн. теңге болды. Ноттар бойынша кірістілік мерзімділігіне қарай 8,72-9,33% ауқымында қалыптасуда.

«Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарды тұрақты орналастыруы, сондай-ақ Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарды шығаруы кірістілік қисығының барынша дұрыс түрін қалыптастыруға ықпал етеді. Ал пайыздық мөлшерлемелер бойынша құрылатын бенчмарк айналыс мерзімі әр түрлі қаржы құралдарына баға белгілеу кезінде, оның ішінде экономикаға берілген кредиттер бойынша бағдарларды айқындауға мүмкіндік береді», - деді қаржы реттеушісінің басшысы.

#### **Данияр Ақышев – Ұлттық Банк қазанда өктемділікті басым түрде шетел валютасы айрықша ең аз ұсынылған айдың басында жүргізді**

Ұлттық Банк қазанда өктемділікті шетел валютасы айрықша ең аз ұсынылған айдың басында жүргізді. Басқа уақытта бағам Ұлттық Банктің қатысуынсыз қалыптасты. Қорытындысында сауда-саттықтың жалпы көлемінде өктемділіктің үлесі 11% ғана немесе 379,8 млн. АҚШ доллары болды. Бұл жөнінде баспасөз конференциясы барысында Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

«Тамыздан бастап қазанның басы аралығында теңгенің айырбастау бағамының айтарлықтай ауытқуы кезеңінен кейін қазанның екінші жартысында валюта нарығы тұрақтанғаны байқалады. Қазанда теңге АҚШ долларына қатысты 1,9%-ға нығайды, қарашаның 21 күні ішінде – тағы да 1,3%-ға нығайды», - деді Д. Ақышев.

#### **2017 жылғы қазанда KZT/USD валюта жұбы бойынша операциялардың көлемі 14,5 млрд. АҚШ доллары болды**

2017 жылғы қазанда KZT/USD валюта жұбы бойынша операциялардың жалпы көлемі 14,5 млрд. АҚШ доллары болды, оның ішінде биржада - 3,6 млрд. АҚШ доллары, банкаралық нарықта – 10,9 млрд. АҚШ доллары болды. Осындай деректерді баспасөз конференциясы барысында Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

«Соңғы кезде жекелеген сарапшылар биржадан тыс нарықта мәмілелердің көптеген көлеміне қатысты тақырыпты көтеруде», - деді Д. Ақышев.

Ол 10 айда биржадан тыс сауда-саттық көлемінің 82% немесе 80 млрд. доллар шетел банкінің еншілес банкі Қазақстаннан тыс жерде орналасқан өзінің бас банкімен

әрбір жұмыс күні валюта тәуекелінен меншікті капиталын хеджирлеу үшін жүргізетін жалғыз операцияға тиесілі деп атап өтті. Бұл мәміле әдістемелік жағынан биржадан тыс операциялардың статистикасында ескерілуге тиіс, алайда, мәні бойынша, бір банктің ішкі операциясы болып табылады.

«Биржадан тыс операциялардың қалған көлемі аздаған ауқымына қарай айырбастау бағамына ықпал етпейді, әдеттегідей, биржалық сессияда қалыптасатын бағам бойынша жүргізіледі», - деді қорытындылай келе қаржы реттеушісінің басшысы.

### **Банк секторының жиынтық активтері 1 қарашада 24,2 трлн. теңге болды – Д.Ақышев**

Банк секторының жиынтық активтері 1 қарашада 24,2 трлн. теңге болды. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев журналистерге хабарлады. Ол жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі банктердің несие портфелінен 12,3%-ды құрайтынын атап өтті.

«Көрсеткіштің өсуі бұрын банктер барынша ымырашыл сыныптаған кредиттерге қатысты реттеушінің барыша қатаң реттеушілік және қадағалау тәсілдеріне байланысты болды. Банк секторының меншікті капиталының 10 айда өсуі 3,0 трлн. теңгеге дейін 5,9% болды», - деді Д.Ақышев.

### **«Delta Bank» АҚ-ты лицензиясынан айыру басқа қаржы ұйымдары үшін тәуекелге апармайды, халықтың «Delta Bank» АҚ-тағы салымдары қорғалған – Д.Ақышев**

Ұзақ уақыт бойы қадағалап реттеу шеңберінде Ұлттық Банк «Delta Bank» АҚ-тың акционерлерімен және менеджментімен банктегі жағдайды жақсарту бойынша ашық диалог жүргізді. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев журналистерге хабарлады.

«Ірі акционер тарапынан банкті барабар қаржылай қолдау болған жоқ. Осыған байланысты банкті банктік және өзге де операциялар жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензиядан айыру туралы шешім қабылданды», - деді Д.Ақышев.

Ол банктің активтері мен міндеттемелерінің банк секторының жиынтық активтері мен міндеттемелеріндегі үлесінің төмен болуына орай (1%), оны лицензиядан айыру басқа қаржы ұйымдары үшін тәуекелдерге апармайтынын атап өтті.

«Жеке тұлғалардың қаражатын, салымдарды Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры толығымен жабады, тиісінше азаматтардың «Delta Bank» АҚ-тағы салымдары қорғалған. Тарату рәсімі басталғаннан кейін салымшылар өз қаражатын алады», - деді Д.Ақышев.

### **Банк RBK қалыпқа келтіру схемасы басқа банктерге қатысты қолданылған схемалардан ерекшеленеді – Д.Ақышев**

Банк RBK қалыпқа келтіру схемасы Банк секторын қалыпқа келтіру бағдарламасын іске асыру шеңберінде басқа банктерге қатысты қолданылған схемалардан ерекшеленеді.

Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев журналистерге хабарлады.

«2017 жылғы 7 қарашада Ұлттық Банк, Үкімет, Банк RBK және жаңа инвестор арасында банкті кезең-кезеңімен сауықтыру және оның төлем жасау қабілеттілігін қалпына келтіру мақсатында Негіздемелік келісімге қол қойылды. Келісім конфиденциалды сипатқа ие, себебі онда коммерциялық құпияны және банк құпиясын қамтитын деректер бар», - деді Д.Ақышев.

Ол Келісімнің шеңберінде тараптар алдағы екі айға күндері мен датасы бойынша жазылған, бекітілген кестеге сәйкес қалыпқа келтіру үшін қажетті іс-шараларды іске асыруға кірісіп кеткенін атап өтті.

«Банк жуық арада Ұлттық Банк тарапынан 243,7 млрд. теңге сомаға қолдау алады, қажетті корпоративтік рәсімдер орындалғаннан кейін жаңа инвестор банкті 160 млрд. теңге сомаға үстеме капиталдандыруды жүзеге асырады. Банкті қалпына келтіру процесі бір күнде жүзеге асырылмайтынын және барлық тараптың қажетті корпоративтік рәсімдерді орындауы, Үкімет пен Ұлттық Банк деңгейінде тиісті шешімдер қабылдауы үшін белгілі бір уақытты талап ететінін түсіну қажет», - деді Д.Ақышев.

Қаржы реттеушісінің басшысы атап өткендей, бұл процестер аяқталғаннан кейін өз міндеттемелеріне жауап беретін барынша дұрыс және тұрақты қаржы институты пайда болады.

### **Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылы ұлғайды - Д.Ақышев**

Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2017 жылғы 10 айда 922 млрд. теңгеге дейін 7,6%-ға ұлғайды. Бұл жөнінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев журналистерге Алматы қаласында өткен баспасөз конференциясында хабарлады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің деректері бойынша сақтандыру резервтері 11,3%-ға 460 млрд. теңгеге дейін өсті.

«Сақтандыру нарығын дамыту үшін тиісті заңнамалық актілерге сақтандыру қызметтерінің сапасын, қолжетімділігін арттыруға және сақтандыру қызметінің құнын төмендетуге бағытталған өзгерістер әзірленді. Заң жобасы қабылданған жағдайда сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау күшейеді және сақтандыру нарығының орнықтылығы арттады», - деді Д.Ақышев.

### **1 қарашадағы жағдай бойынша салымшылардың зейнетақы салымдары 897 млрд. теңгеге ұлғайды – Д. Ақышев**

1 қарашадағы жағдай бойынша салымшылардың зейнетақы салымдары жылдың басынан бастап 897 млрд. теңгеге (немесе 13,4%-ға) ұлғайып, 7 582 млрд. теңгені құрады.

Бұл жөнінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев дәстүрлі баспасөз конференциясы барысында журналистерге хабарлады.

«БЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымшылардың шоттарына 10 айда бөлінген кірістілігі 6,62%-ды құрады, бұл осы кезеңде инфляция деңгейінен (5,4%) асады», - деді Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)